

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1728 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есеп беруі туралы" 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 477 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2245. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 127 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 127 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он төрт күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері есеп беруінің айқындылық дәрежесін арттыру және нысандарын жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есеп беруі туралы" 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 477 қаулысына (бұдан әрі - қаулы) (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1728 тіркелген, "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналының 2002 жылғы ақпандағы N 2 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қ а у л ы д а :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздер " жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан-банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 2-1-2-5-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Есептің барлық парақтарына нөмір қойылуға тиіс, ол уәкілетті органға жіберілгенде, парақтардың жалпы саны ілеспе хатта көрсетіледі.

2-2. Түзетілген және өшіріліп қайта жазылған есеп жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкіне қайтарылуға жатады.

2-3. Есепке өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі уәкілетті органға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып, есептің түзетілген нұсқасын ұсынады.

2-4. Уәкілетті орган есепті қараған кезде жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкінен есепте көрсетілген ақпаратты тексеру үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға құқылы.

2-5. Жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі мен оның лауазымды адамдары есепті уақтылы бермегені, бермегені немесе есепте шынайы емес мәліметтер бергені үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілік атқарады."

1 - қ о с ы м ш а д а :

"Шығыс (есеп шоттың дебеті)" деген 2-бөлімде кестенің 5-бағанындағы "жарналарынан" деген сөз "активтерінен" деген сөзбен ауыстырылсын; ескертудің 2-тармағында "зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания" деген сөздер "зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

3-бөлімде "Анықтама ретінде" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын: "осы есепте пайдаланылған, есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы (валюталардың кодтары S.W.I.F.T. жіктемесі бойынша көрсетіледі.)";

е с к е р т у л е р д е :

1-тармақтағы "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның" деген сөздер "бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 9-11 тармақтардағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есепті кезеңнің соңына белгілеген бағамы" деген сөздер "есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - қ о с ы м ш а д а :

"Кіріс (есеп шоттың кредиті)" деген 2-бөлімдегі кестенің 13-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"шетел валютасын сатып алу бағамы бойынша, теңгемен";

"Шығыс (есеп шоттың дебеті)" деген 2-бөлімдегі: кестенің 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"шетел валютасын сату бағамы бойынша, теңгемен";
"Анықтама ретінде" деген бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
"осы есепте пайдаланылған, есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы (валюталардың кодтары S.W.I.F.T. жіктемесі бойынша көрсетіледі.)";

4 - қ о с ы м ш а д а :

"зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның" деген сөздер "зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

кестенің екінші жолындағы "жарналарынан" деген сөз "активтерінен" деген сөзбен ауыстырылсын;

кестенің үшінші жолында:

"ЖЗҚ" деген қысқарған сөздер "жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ЗАБК" деген қысқарған сөздер "зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын; ескертулердегі 2 және 3-тармақтар алынып тасталсын.

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктеріне, және "Активтерді Басқарушылардың қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы